Н. БББ 8.3/8.1-2025-13-01

АҚ «Қ.Құлажанов атындағы қазақ технология және бизнес университеті»

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

6В07119 Технологиялық машиналар мен жабдықтар (салалар бойынша)

Дәрежесі: *бакалавриат*

«Қ.Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ
Директорлар кеңесімен бекітілген
20 26 ж. хаттама № 4

«Қ.Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ
Оқу-әдістемелік кеңесімен ұсынылған
20 26 ж. хаттама № 7

Астана, 2026

©«Қ.Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ зияткерлік меншігі болып табылады
Қайта басып шығаруға және / немесе одан әрі үшінші тұлғаларға беруге тыйым салынады

МАЗМҰНЫ

	бет
Алғы сөз	3
Келісу парағы	4
1 Білім беру бағдарламасының паспорты	5
2 Білім беру бағдарламасы түлегінің біліктілік сипаттамасы	5
3 Білім беру бағдарламасының мазмұнына қойылатын талаптар	6
4 Қосымша білім беру бағдарламалары (minor)	7
5 Білім беру бағдарламасының құзыреттілік картасы	7
6 Білім беру бағдарламасы мен модульдердің оқыту нәтижелері	9
7 Білім беру бағдарламасы бойынша қалыптастырылатын оқыту нәтижелері мен оқу пәндерінің өзара байланысы	17
8 Модуль шеңберінде оқытудың жоспарланған нәтижелерін бағалау технологияларымен және оқыту әдістерімен үйлестіру	51
9 Кәсіби стандарттардың еңбек функцияларына білім беру бағдарламасының оқыту нәтижелерін сәйкестендіру (бар болған жағдайда)	56
10 Түлек моделі	59
11 Типтік оқу жоспары (ББББ-ға қосымша)	60
12 Сараптамалық қорытынды	64

Алғы сөз

«6В07119 Технологиялық машиналар және жабдықтар (салалар бойынша)» білім беру бағдарламасы 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, сондай-ақ Career Enbek жүйесінің «Технологиялық жабдықтарды пайдалану және жөндеу» кәсіби стандарттарына, Қазақстан Республикасының «Инженер-механик», «Предиктивті диагностика жөніндегі маман» және «Предиктивті қызмет көрсету жөніндегі маман» мамандықтары мен құзыреттерінің салалық және өңірлік атласына (2023–2025 жж.) (https://enbek.kz/ru/atlases-professions/regions) сәйкес 2026 жылғы 17 сәуірдегі негізде әзірленді.

«6В07119 Технологиялық машиналар мен жабдықтар (салалар бойынша)» білім беру бағдарламасы 2026 жылғы «22» 01 Академиялық сапа жөніндегі кеңес мәжілісінде мақұлданданған, хаттама №
Төраға Аскарбеков Э.Б. _____

«6В07119 Технологиялық машиналар мен жабдықтар (салалар бойынша)» білім беру бағдарламасы 2025 жылғы «19» 12 факультеттің Академиялық сапа жөніндегі комиссиясының мәжілісінде келісілген, хаттама № 3
Төраға Сафуани Ж.Е. _____

«6В07119 Технологиялық машиналар мен жабдықтар (салалар бойынша)» білім беру бағдарламасы 2025 жылғы «13» 12 «Технология және стандарттау» кафедрасының мәжілісінде әзірленген және талқыланған, хаттама № 5
Кафедра меңгерушісі Байтукенова С.Б. _____

Келісу парағы

Білім беру бағдарламасы «6В07119 Технологиялық машиналар мен жабдықтар (салалар бойынша)»

МАҚҰЛДАНДЫ:

Академиялық сұрақтар жөніндегі проректор	Ә. Аскарбеков	"22" 01	2026 ж.
ББББ басқармасының басшысы	Б. Баядилова	"22" 01	2026 ж.
«Қазақстан инжиниринг» «R&D» орталығы» ЖШС Бас директорының м.а., Астана қ.	А. Тулембаев	"19" 12	2025 ж.
«Қазақ қайта өңдеу және тамақ өнеркәсібі ҒЗИ» ЖШС төрағасы	Ж.Уразбаев	"19" 12	2025 ж.
«Қазақстан Халал Индустриясы Қауымдастығының» ЗТБ төрағасы	М.Сарсенбаев	"19" 12	2025 ж.
«Барыс «РА» ЖШС директоры, Астана қ.	С. Хайрлиева	"19" 12	2025 ж.
ТОО «Capital managment» директоры	Д.Бахтиярова	"19" 12	2025 ж.
Білім алушы ТМО -232	А.Уразалиев	"19" 12	2025 ж.

1 Білім беру бағдарламасының паспорты

Халықаралық білім берудің стандартты жіктемесі (ББХСК) бойынша деңгейі	6
Ұлттық біліктілік шеңбері (ҰБШ)бойынша деңгейі	6
Салалық біліктілік шеңбері (СБШ) бойынша деңгейі	6
Білім беру саласының коды және атауы	6В07 Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары
Дайындау бағыты	6В071 Инженерия және инженерлік іс
Білім беру бағдарламасы тобының нөмірі және атауы тобы	В064 Механика және металл өңдеу
ББББ коды және атауы	6В07119 Технологиялық машиналар мен жабдықтар (салалар бойынша)
ББББ бейіні	Жоғары инженерлік білім
ББББ мақсаты	Инновацияларды енгізу және өнеркәсіптің түрлі салаларындағы өндірістік міндеттерді шешу үшін цифрлық трансформациялау арқылы технологиялық машиналар мен жабдықтарды монтаждау, жөндеу және сервистік қызмет көрсету үрдістерін басқару дағдыларын меңгерген бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау.
ББББ аяқтау өлшемі	240 академиялық кредит
ББББ оқу тілі	Орыс, қазақ
ББББ айрықша ерекшеліктері	Жоқ
Серіктес ЖОО	Жоқ

2 Білім беру бағдарламасын бітірушінің біліктілік сипаттамасы

Берілетін дәреже	«6В07119 Технологиялық машиналар мен жабдықтар (салалар бойынша)» білім беру бағдарламасы бойынша техника және технологиялар бакалавры
Кәсіби қызмет саласы	Өндірістік, басқарушылық, ғылыми-зерттеу, білім беру
Кәсіби қызмет түрлері	- есептік-жобалық; - өндірістік-технологиялық; - эксперименттік-зерттеу; - ұйымдық-басқарушылық; - монтаждау-баптау; - тамақ және қайта өңдеу өндірістері саласындағы сервистік-пайдалану.
Кәсіби қызмет нысаны	Сүт, ет, консерві, нан пісіру, кондитерлік, сыра қайнату, қант тазартқыш, макарон, ұн тарту және басқа да қоғамдық тамақтандыру салаларының кәсіпорындары. Жобалау ұйымдары, ғылыми-зерттеу институттары, әртүрлі меншік нысандарындағы компаниялар мен фирмалар.
Кәсіби қызмет міндеттері	- Машиналар мен аппараттарды пайдалану және қызмет көрсету; - жөндеу жұмыстарын жүргізу сапасын бақылау және қадағалау;

	- машиналар мен аппараттардың үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету, жаңа жабдықты жобалауға немесе қолданыстағы жабдықты реконструкциялауға байланысты олардың негізгі сипаттамалары мен пайдалану параметрлерін есептеу; -ағындық желілердің ағымдағы, ұзақ мерзімді жоспарлы-алдын алу жөндеулерін, машиналарға, жабдықтарға техникалық қызмет көрсету мен жөндеуді, жаңғырту және техникалық жарақтандыру бағдарламаларын жасау және қалыптастыру; - оның сенімділігі мен жұмысқа қабілеттілігін бағалау мақсатында түрлі технологиялық мақсаттағы тамақ және қайта өңдеу жабдықтарын зерттеу; - жабдықтарды сынауға және оларды пайдалануға енгізуге байланысты инновациялық әзірлемені құрудың техникалық жобасын әзірлеу және келісу, сондай-ақ техникалық құжаттаманы жасау; - техникалық тапсырманы талдау және техникалық жобалауға дайындау және қажетті ақпаратты, техникалық деректерді, жұмыс көрсеткіштері мен нәтижелерін жүйелеу. Заманауи компьютерлік құралдарды қолдана отырып, қажетті есептеулер жүргізу; - әзірленіп жатқан жобалар мен техникалық құжаттаманың стандарттар мен техникалық шарттарға сәйкестігін бақылау, сәйкестігін бағалауды жүргізу.

3 Білім беру бағдарламасының мазмұнына қойылатын талаптар

Цикл және пән атаулары	Академиялық кредиттердегі еңбек сыйымдылығы
1	2
Жалпы білім беретін пәндер циклы (ЖБП)	**56**
Міндетті компонент	51
Жоғары оқу орны компоненті	5
Базалық пәндер циклы (БП)	**89**
Жоғары оқу орны компоненті	32
Таңдау компоненті	57
Бейіндеуші пәндер циклы (БеП)	**87**
Жоғары оқу орны компоненті	15
Таңдау компоненті	55
Кәсіптік практика	17
Қорытынды аттестаттау	**8**
Барлығы	**240**

4 Қосымша білім беру бағдарламалары (minor)

4.1 Minor «Жасанды интеллектті қолданудың қазіргі заманғы аспектілері»

Пәндердің атауы	Академиялық кредиттердегі еңбек сыйымдылығы
Жасанды интеллектке кіріспе	5
Жасанды нейрондық желілерді әзірлеу	5
Объектілерді басқарудағы жасанды интеллект	5
Барлығы	15

5 Білім беру бағдарламасының құзыреттілік картасы «6В07119 Технологиялық машиналар мен жабдықтар (салалар бойынша)»

Құ	Оқыту нәтижесінің коды	Оқыту нәтижесі (Блум таксономиясы бойынша)
Мінез-құлық дағдылары және жеке қасиеттер (Softskills)	ОНЖББҚ1	Дүниетанымдық, азаматтық және адамгершілік позициясы салауатты өмір салтына бағдарланып, болашақ маманның жеке басының әлеуметтік-мәдени дамуын қамтамасыз ететін жалпы құзыреттіліктер жүйесін қалыптастырады.
	ОНЖББҚ2	Тұлғааралық, мәдениетаралық және кәсіби қарым-қатынас мәселелерін шешу үшін қазақ, орыс және шет тілдерінде ауызша және жазбаша қарым-қатынас жасай алады.
	ОН1	Ғылыми және кәсіби қызметте ақпаратты талдау, түсіндіру және ұсыну үшін кәсіби лексиканы және арнайы тілдік құрылымдарды қолдана алады.
Сандық құзыреттіліктер (Digital skills)	ОНЖББҚ3	Қызметтің барлық салаларында заманауи ақпараттық-коммуникативтік технологияларды меңгеру және пайдалану арқылы ақпараттық сауаттылықты дамытуға ықпал етеді.
	ОН2	Техникалық шешімдерді есептеуді, жобалауды және оңтайландыруды қамтамасыз ете отырып, кәсіби қызметте іргелі жаратылыстану-ғылыми және инженерлік білімдерді қолданады.
	ОН3	Өндірістік процесс талаптарына сәйкес дұрыс таңдау, пайдалану және техникалық қызмет көрсету үшін технологиялық жабдықтың жұмыс істеу қағидатын, құрылымдық ерекшеліктері мен техникалық сипаттамаларын талдайды.
	ОН4	Өндірістік жүйелердің жұмысын оңтайландыру және тиімділігін арттыру үшін түрлі технологиялық процестердегі жабдық конструкциясы мен оның функционалдылығының өзара байланысын анықтайды.

	ОН5	Машиналардың параметрлерін оңтайландыру және өндіріске предиктивті қызмет көрсету технологияларын енгізу үшін жасанды интеллект алгоритмдерін қолдана отырып, интеллектуалды жүйелер мен жабдықтардың цифрлық егіздерін модельдейді.
	ОН6	Өндірістік тоқтап қалуларды азайту және сенімділікті арттырудың жаңа технологияларын әзірлеу мен енгізу, жөндеу жұмыстарын ұйымдастыру үшін предиктивті аналитика негізінде жабдықтың техникалық күйін болжайды.
Кәсіби құзыреттіліктер (Hardskills)	ОН7	Авариялық жағдайларды болдырмау және өндірістік жүйелердің үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету үшін бақылау-өлшеу аспаптарын қолдана отырып, сапа стандарттары мен өнеркәсіптік қауіпсіздік нормалары негізінде жабдықтарды техникалық пайдалану мен жөндеуді ұйымдастырады.
	ОН8	Автоматтандырылған жүйелер мен ауа баптау қондырғыларының үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету үшін техникалық қызмет көрсету жоспарларын, жоспарлы-алдын ала жөндеу кестелерін және триботехникалық есептер, логистикалық схемалар мен энергия тиімділігі көрсеткіштері негізінде жабдықтарды жаңғырту бағдарламаларын әзірлейді.
	ОН9	Тозу себептерін талдау, рационализаторлық ұсыныстарды және өндірістік активтерді пайдалану тиімділігін арттыру үшін гидравликалық және пневматикалық жүйелердің мониторинг деректерін сараптау негізінде жабдықты техникалық қайта жарақтандыру және жаңғырту стратегияларын негіздейді.

6 Білім беру бағдарламасы және модульдердің оқу нәтижелері

Маңызды құзыреттіліктер	Білім беру бағдарламасы бойынша оқу нәтижелері (ОН)	Модуль атауы	Модуль ОН	Оқыту нәтижелерін қалыптастыратын пәндердің атауы
Мінез-құлық дағдылары және жеке қасиеттер (Softskills)	ОН$_{ЖББК1}$ Дүниетанымдық, азаматтық және адамгершілік позициясы салауатты өмір салтына бағдарланып, болашақ маманның жеке басының әлеуметтік-мәдени дамуын қамтамасыз ететін жалпы құзыреттіліктер жүйесін қалыптастырады.	Адам және қоғам – дүниетанымның және қоғамдық-саяси білімнің негізі	Қазақстан тарихының, философияның, әлеуметтік-саяси білімдердің негізгі заңдылықтарын өзгермелі әлеуметтік-мәдени жағдайларда тиімді әлеуметтендіру және бейімделу үшін қолданады, қазіргі заманда ұтқырлыққа, сыни ойлауға және физикалық өзін-өзі жетілдіруге қабілетті тұлғаны қалыптастырады.	Қазақстан тарихы Философия Дене шынықтыру Әлеуметтік-саяси білім модулі (әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, психология)
	ОН$_{ЖББК2}$ Тұлғааралық, мәдениетаралық және кәсіби қарым-қатынас мәселелерін шешу үшін қазақ, орыс және шет тілдерінде ауызша және	Ақпараттық-коммуникациялық модуль	Қазақ, орыс және шет тілдерінде тұлғааралық әлеуметтік және кәсіби қарым-қатынас жасай алады.	Шет тілі Қазақ тілі Орыс тілі

	жазбаша қарым-қатынас жасай алады.			
	ОН$_{ЖББҚЗ}$ Қызметтің барлық салаларында заманауи ақпараттық-коммуникативтік технологияларды меңгеру және пайдалану арқылы ақпараттық сауаттылықты дамытуға ықпал етеді.		Ақпаратты іздеу, сақтау, өңдеу, қорғау және тарату үшін ақпараттық-коммуникативтік технологиялардың әртүрлі түрлерін меңгереді.	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар
Сандық құзыреттіліктер (Digital skills)	ОН1 Басқарушылық және техникалық шешімдерді қабылдау кезінде энергия мен қалдықтарды тиімді басқару үшін экономика, құқық, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері, кәсіпкерлік дағдылары мен қаржылық сауаттылық саласындағы құзыреттерді қалыптастырады.	Экономикалық-құқықтық, ғылыми және экологиялық білім модулі	Негізгі экономикалық және құқықтық қағидаларды, қаржылық хабардарлықты пайдалана және мінез-құлықта азаматтық жауапкершілікті көрсете отырып, кәсіби қызметте экономика және құқық білімін, сондай-ақ кәсіпкерлік және қаржылық сауаттылық дағдыларын қолданады.	Экономика, кәсіпкерлік, құқық және қаржылық сауаттылық модулі (экономика және кәсіпкерліктің негіздері, құқық негіздері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет, қаржылық сауаттылық негіздері)
			Қоршаған ортаға әсерді төмендету үшін жабдықтарды пайдалану кезінде тіршілік әрекетінің экологиялық тәуекелдері мен қауіпсіздік шарттарын бағалайды.	Тұрақты даму, экология және тіршілік қауіпсіздігі
	ОН 2 Техникалық шешімдерді есептеуді,	Базалық инженерлік-математикалық	Негізгі математикалық ұғымдар мен формулаларды меңгереді, алған білімдерін қолданбалы сипаттағы есептерді шешуде және модельдерді құруда математикалық әдістерді қолданады.	Жоғары математика

	жобалауды және оңтайландыруды қамтамасыз ете отырып, кәсіби қызметте іргелі жаратылыстану-ғылыми және инженерлік білімдерді қолданады.	дайындық	Физикалық және инженерлік есептерді шешу үшін фундаменталды физикалық заңдар мен математикалық аппаратты қолданады.	Физика
			Химиялық процестердің негізгі заңдылықтарын анықтайды, заттардың қасиеттері мен химиялық реакцияларды талдайды, химиялық теңдеулер бойынша есептеулер жүргізеді. Органикалық және бейорганикалық заттардың құрылысы мен қасиеттерін анықтайды, олардың реакциялық қабілетін талдайды, химиялық түрленулер үшін реагенттерді таңдайды.	Жалпы химия / Органикалық және бейорганикалық химия
			Бұйымдардың беріктігі мен ұзақтығын қамтамасыз ету үшін механикалық қасиеттері мен пайдалану шарттары бойынша материалдарды таңдайды. Бөлшектердің тозуға төзімділігі мен ұзақтығын қамтамасыз ету үшін қаттылық пен беріктікке қойылатын талаптар бойынша конструкциялық материалдарды термиялық өңдеу режимдерін таңдайды.	Материалтану / Құрылымдық материалдар мен термоөңдеу
			Жылу жүктемесін анықтау үшін берілген жылу алмасу шарттары бойынша жылу алмасу жабдығының жылу ағындарын және температуралық режимдерін есептейді. Өлшеу дәлдігін бағалайды және өндірісті метрологиялық бақылаудың сенімділігін қамтамасыз ету мақсатында калибрлеу деректерін өңдеу үшін жасанды интеллект алгоритмдерін қолданады.	Жылу техникасы/ Өндірісті метрологиялық қамтамасыз ету
			Токтар мен қуаттарды анықтау үшін берілген кернеулер мен кедергілер бойынша электр тізбектерінің параметрлерін есептейді. Берілген температура, қысым немесе шығыс мәндері бойынша автоматты жүйенің реттегіш параметрлерін теңшейді.	Электротехника/ Автоматика
			Жылдамдықтар мен буындардың қозғалысын анықтау үшін берілген схема және кіріс деректері бойынша механизмдердің кинематикалық параметрлерін есептейді. Жүктемелер мен қозғалыс траекторияларын анықтау үшін робототехникалық жүйелердің кинематикалық және динамикалық параметрлерін есептейді.	Машиналар мен механизмдер теориясы/ Робототехникалық жүйелер механикасы
	ОН 3	Жалпы	Машиналар мен механизмдердің негізгі түрлерін жіктейді және	Инженерлік қызметке

	Өндірістік процесс талаптарына сәйкес дұрыс таңдау, пайдалану және техникалық қызмет көрсету үшін технологиялық жабдықтың жұмыс істеу қағидатын, құрылымдық ерекшеліктері мен техникалық сипаттамаларын талдайды.	инженерлік механика	олардың инженерлік қызметтегі технологиялық мақсатын анықтайды.	кіріспе
			Механикалық жүйелердің жұмысқа қабілеттілігін бағалау үшін олардың күштерін, кернеулерін және қозғалыс параметрлерін есептейді.	Теориялық және қолданбалы механика
			Конструкция элементтерінің беріктігі мен орнықтылығын бағалау үшін олардың кернеулері мен деформацияларын есептейді.	Материалдар кедергісі
			Берілген дәлдік пен өндіріс жағдайлары бойынша машина детальдарын дайындаудың технологиялық процесін әзірлейді.	Машинажасау технологиясы
	ОН 4 Өндірістік жүйелердің жұмысын оңтайландыру және тиімділігін арттыру үшін түрлі технологиялық процестердегі жабдық конструкциясы мен оның функционалдылығының өзара байланысын анықтайды.	Технологиялық процестер және жабдықтар	Берілген жүктемелер мен пайдалану жағдайларына сәйкес машиналар бөлшектері мен технологиялық жабдық тораптарының конструкцияларын әзірлейді. Технологиялық жабдық машиналары бөлшектерінің параметрлерін жүктеме мен жұмыс жағдайларына қарай олардың беріктігі мен ұзақ мерзімділігін тексеру үшін есептейді.	Конструкциялау негіздері / Машина бөлшектері
			Берілген өнімділік пен температуралық режим бойынша қажетті технологиялық процесті қамтамасыз ету үшін тамақ өндірісінің машиналары мен аппараттарын таңдайды. Процестің берілген параметрлері мен пайдалану жағдайларына сәйкес технологиялық машиналар мен аппараттарды жобалайды.	Тамақ өндірісінің машиналары мен аппараттары / Технологиялық машиналар мен аппараттарды жобалау
			Өнімділік пен процесс параметрлерін есептеу негізінде қайта өңдеу өндірістерінің машиналары мен аппараттарын таңдауды негіздейді.	Қайта өңдеу өндірістерінің машиналары мен аппараттары
			Өнім сапасын қамтамасыз ету үшін шикізат түрі мен өңдеу жағдайларына қарай тамақ өндірісінің технологиялық процестерінің параметрлерін анықтайды.	Тамақ өндірісі технологиясының негіздері /

			Олардың жұмысын қамтамасыз ету үшін қысым, шығын және жүктеме бойынша технологиялық жабдықтың гидравликалық және пневматикалық жетектерінің параметрлерін есептейді.	Гидропневматикалық машиналар және жетектер
			Салқындату жүйелерінің параметрлерін есептейді және жасанды интеллект пен предиктивті диагностика әдістерін қолдана отырып, олардың жұмысының энергия тиімді режимдерін жобалайды. Тамақ өндірістеріне арналған жабдықты таңдау үшін жылу-масса алмасу процестерінің параметрлерін есептейді.	Тоңазытқыш техникасы және технологиясы / Тамақ өндірістерінің жылу-масса алмасу процестерінің машиналары мен жабдықтары
			Кәсіпорынның қызметін, құрылымын, технологиялық машиналардың мақсатын, жіктелуін, құрылысын және жұмыс істеу принципін, сондай-ақ тікелей өндірістегі қауіпсіздік техникасын зерттейді, бұл мамандықты тереңірек меңгеруге мүмкіндік береді.	Өндірістік практика 1
	ОН 5 Машиналардың параметрлерін оңтайландыру және өндіріске предиктивті қызмет көрсету технологияларын енгізу үшін жасанды интеллект алгоритмдерін қолдана отырып, интеллектуалды жүйелер мен жабдықтардың цифрлық егіздерін модельдейді.	Автоматтандыру және зияткерлік технологиялар	БЖКҚ (Біртұтас конструкторлық құжаттама жүйесі) талаптары бойынша инженерлік сызбалар мен 3D-модельдерді орындайды.	Инженерлік және компьютерлік графика
			Деректерді өңдеу кезінде нейрожелілік модельдердің тиімділігін талдайды, әртүрлі пәндік салаларда нейрожелілік технологияларды қолдану мүмкіндіктерін бағалайды.	Жасанды нейрондық желілерді әзірлеу (Minor)
			Деректерді талдау және қолданбалы есептерді шешу үшін жасанды интеллект құралдарын пайдаланады.	Жасанды интеллектке кіріспе (Minor)
			Басқару жүйелерінде шешім қабылдауды қолдау үшін интеллектуалды алгоритмдерді пайдаланады.	Объектілерді басқарудағы жасанды интеллект (Minor)
			CAD-жүйелерінде бұйымдардың 3D-модельдерін жасайды және конструкциялардың геометриялық және беріктік параметрлерін оңтайландыру үшін ЖИ негізіндегі генеративті дизайн әдістерін қолданады. Металл өңдеудің дәлдігін қамтамасыз ету үшін автоматты басқару жүйесінің параметрлерін есептейді.	Автоматтандырылған жобалау жүйесі / Металл өңдеудегі автоматты басқару теориясы
			Энергия үнемдеу жұмыс режимдерін негіздеу үшін жабдықтың жылу шығындары мен ПӘК (Пайдалы әсер коэффициенті) есептейді.	Тамақ өнеркәсібіндегі энергия үнемдеу технологиялары /

			Цифрлық басқару жүйелерін жобалайды, процестерді оңтайландыру үшін жасанды интеллектіні біріктіреді және технологиялық желілер жұмысының автономдылығын арттырады.	Технологиялық процестерді автоматтандыру
			Өндірістік практика тамақ және қайта өңдеу кәсіпорындарында жабдықтарды монтаждау, техникалық қызмет көрсету, жөндеу және баптау жұмыстарын орындау бойынша практикалық дағдылар мен біліктерді қалыптастырады.	Өндірістік практика II
Кәсіби құзыреттіліктер (Hardskills)	ОН 6 Өндірістік тоқтап қалуларды азайту және сенімділікті арттырудың жаңа технологияларын әзірлеу мен енгізу, жөндеу жұмыстарын ұйымдастыру үшін предиктивті аналитика негізінде жабдықтың техникалық күйін болжайды.	Сенімділік, пайдалану және энергия тиімділігі	Технологиялық үрдіс талаптарына сәйкес технологиялық жабдықтың жұмыс параметрлерін реттейді.	Технологиялық жабдық
			Белгіленген әдістемелер бойынша жабдықтың техникалық жай-күйін бағалай отырып, оның сынақтарын орындайды. Жабдықтың техникалық жағдайын бағалайды және тораптардың сенімділігін болжау үшін діріл көрсеткіштерін, жылу өрістерін және тозу параметрлерін талдай отырып, оның жасырын ақауларын анықтайды.	Сынақ және сынақ жабдықтары / Технологиялық машиналардың сапасы мен сенімділігі
			Жабдықтың техникалық жағдайын бағалайды және тораптардың сенімділігін болжау үшін діріл көрсеткіштерін, жылу өрістерін және тозу параметрлерін талдай отырып, оның жасырын ақауларын анықтайды. Статистикалық әдістерді және мониторингтің ағынды деректерін өңдеу алгоритмдерін пайдалана отырып, істен шығу уақытын және тораптардың қалдық ресурсын болжайды.	Машина жасаудағы предиктивті диагностика / Технологиялық жабдықтың техникалық диагностикасы
	ОН 7 Авариялық жағдайларды болдырмау және өндірістік жүйелердің үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету үшін бақылау-өлшеу аспаптарын қолдана отырып, сапа	Машиналарды жобалау және құрастыру	Өнімді бағалайды, қолданыстағы сапа жүйелерін талдайды, СМЖ процестерін әзірлейді және өндірісте сапа менеджменті жүйесін енгізу дағдыларын қолданады. Дайындалған машина детальдарының сапасын өлшемдердің ауытқуы, сенімділігі және ақаулардың болуы бойынша бағалайды.	Сапа менеджменті жүйелері / Машина жасау өнімдерінің сапасын басқару
			Технологиялық жабдықтардың жұмысын қамтамасыз ету үшін олардың ағын параметрлерін, гидро- және пневможетектерін қысым, жылдамдық және шығын бойынша есептейді. Микробиологиялық, физикалық-химиялық және санитарлық көрсеткіштер бойынша тамақ өнімдерінің қауіпсіздігін бағалайды.	Сұйық және газ механикасы, гидро және пневможетек/ Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі және сапасы

	стандарттары мен өнеркәсіптік қауіпсіздік нормалары негізінде жабдықтарды техникалық пайдалану мен жөндеуді ұйымдастырады.		Авариялардың алдын алу және қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін қауіпті өндірістік факторлардың тәуекелдерін бағалайды. Қайта өңдеу өндірістерінің жабдықтарында жұмыстарды орындау кезінде қауіпсіздік техникасы талаптарын қолданады.	Өнеркәсіптік қауіпсіздік / Қайта өңдеу өндірістері кәсіпорындарындағы қауіпсіздік техникасы
			Детальдар мен бұйымдардың стандарттар мен техникалық құжаттама талаптарына сәйкестігін тексереді. Берілген дәлдік пен жұмыс шарттары бойынша бөлшектердің шектеулері мен қонуын анықтайды.	Машина жасаудағы стандарттау және сертификаттау / Өзара ауыстырымдылық, стандарттау және техникалық өлшеулер
	ОН 8 Автоматтандырылған жүйелер мен ауа баптау қондырғыларының үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету үшін техникалық қызмет көрсету жоспарларын, жоспарлы-алдын ала жөндеу кестелерін және триботехникалық есептер, логистикалық схемалар мен энергия тиімділігі көрсеткіштері негізінде жабдықтарды жаңғырту бағдарламаларын әзірлейді.	Өндірісті басқару және практикалық даярлау	Бөлшектерді қалпына келтіру технологияларын таңдауды негіздейді және жабдықтың берілген ресурсын қамтамасыз ету үшін дәлдікті бақылау мен орталықтандыру әдістерін қолдана отырып, істен шығуларды жою бойынша жөндеу жұмыстарының кешенін ұйымдастырады. Техникалық талаптар бойынша технологиялық машиналарды монтаждауды және пайдалануға беруді орындайды.	Технологиялық машиналарды жөндеу/ Технологиялық машиналарды монтаждау және пайдалану
			Ауа шығыны және ауаны тазалауды қамтамасыз ету үшін шаң концентрациясы бойынша аспирациялық жүйелердің параметрлерін есептейді. Өндірістің санитариялық жағдайларын қамтамасыз ету үшін шығын, температура және ылғалдылық бойынша желдету және ауа баптау параметрлерін есептейді.	Қайта өңдеу өндірістерінің аспирациялық және желдеткіш қондырғылары / Тамақ өндірісінің желдету қондырғылары және ауаны баптау жүйелері
			Машиналардың тораптарының ұзақ мерзімділігін бағалау үшін үйкеліс коэффициентін және тозуын есептейді. Тамақ өндірісі жабдықтарын таңдау үшін гидромеханикалық процестердің параметрлерін есептейді.	Триботехниканың негіздері / Тамақ өндірістерінің гидромеханикалық процестерінің машиналары мен жабдықтары
	ОН 9		Үрдістің берілген параметрлері мен жүктемелері бойынша	Тамақ өндірісінің

	Тозу себептерін талдау, рационализаторлық ұсыныстарды және өндірістік активтерді пайдалану тиімділігін арттыру үшін гидравликалық және пневматикалық жүйелердің мониторинг деректерін сараптау негізінде жабдықты техникалық қайта жарақтандыру және жаңғырту стратегияларын негіздейді.		шикізатты қайта өңдеу үшін тамақ өндірісінің машиналары мен аппараттарын есептейді және құрастырады. Өндірістегі материалдық ағындарды қорлардың көлемі мен орнын ауыстыру уақыты бойынша оңтайландырады.	машиналары мен аппараттарын есептеу және құрастыру / Өндірістік логистикасы
			Өндірістік/диплом алдындағы практика білім алушының ББЖ (бітіру біліктілік жұмысы) тақырыбына байланысты зерттеулер жүргізудің практикалық дағдысын, сондай-ақ тамақ және өңдеу кәсіпорындарындағы ұйымдастырушылық-технологиялық міндеттерді шешу үшін өндірісте алған тәжірибені қолдану біліктілігін қалыптастырады.	Өндірістік / диплом алдындағы практика
			Патенттік құжаттаманы ресімдейді. ӨШТН әдіснамасы негізінде кәсіби міндеттер мен зерттеу жобаларының инновациялық шешімдерін әзірлейді.	Патенттану / ӨШТН негіздері
			Шығынды есептейді және шығару көлемі мен ресурстары бойынша кәсіпорынның өндірістік қызметін жоспарлайды. Экономикалық тиімділікті қамтамасыз ету және өнеркәсіптік өндірістің нормативтік талаптарын сақтау үшін ресурстарды бөлуді және тәуекелдерді басқару стратегияларын негіздей отырып, инженерлік жобаны іске асырудың кешенді жоспарын әзірлейді.	Кәсіпорындағы экономика және жоспарлау / Машина жасау және тамақ өнеркәсібінде жобалық менеджмент
			Инженер-механиктің, басшының, машиналар мен жабдықтар техникасы мен технологиясы өндіріс шеберінің кәсіби қызметінің мақсаттарын, методологиясы (әдіснамасын) мен әдістерін түсінеді. Алған дағдыларын оқытылатын білім беру бағдарламасының бейіні бойынша оқуын әрі қарай жалғастыру үшін қолдануға қабілетті.	Қорытынды аттестаттау

7 Білім беру бағдарламасы бойынша қалыптастырылатын оқыту нәтижелері мен оқу пәндерінің өзара байланысы

№	Пәннің атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы	Кредиттер саны	Қалыптастырылатын оқу нәтижелері (кодтар)											
				$ОН_{ЖБК1}$	$ОН_{ЖБК2}$	$ОН_{ЖБК3}$	ОН1	ОН2	ОН3	ОН4	ОН5	ОН6	ОН7	ОН8	ОН 9
Жалпы білім беретін пәндер циклі Міндетті компонент															
1.	Қазақстан тарихы	Пәннің мақсаты - Қазақстан тарихының ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейінгі негізгі даму кезеңдері туралы объективті тарихи білім беру. Бағдарлама 5 тақырыптық блоктан тұрады: Ежелгі адамдар және көшпелі өркениеттің қалыптасуы, Түркі өркениеті және Ұлы дала, Жаңа дәуірдегі Қазақстан (XVIII-XX ғасырдың басы), Кеңестік кезеңдегі Қазақстан, Тәуелсіз Қазақстан. Пәнді игеру нәтижесінде білім алушы қазіргі қазақстандық даму моделін объективті пайымдау үшін тарихи процестерге аналитикалық, аксиологиялық және сыни талдау жасау дағдыларын қолданады.	5	+											
2.	Философия	Пәннің мақсаты - білім алушыларда философияны дүниені танудың ерекше формасы ретінде түсінуді қалыптастыру және олардың болашақ кәсіби қызметі контексінде оның негізгі бөлімдері, мәселелері мен зерттеу әдістері туралы тұтас түсінік беру. Пән философияның пайда болуы мен дамуының негізгі бағыттарын, әлемді философиялық түсінудің негіздерін, адам философиясы мен құндылықтар әлемін қамтиды.	5	+											

		Пәнді игеру нәтижесінде білім алушы қазіргі жаһандық қоғамның өзекті мәселелеріне қатысты өзіндік адамгершілік ұстанымын негіздейді.														
3.	Дене шынықтыру	Бағдарламаның мақсаты кәсіби қызметке даярлау үшін, болашақ еңбек қызметінде денелік жүктемелерді, жүйке-психикалық қысымдарды және жайсыз факторларды табанды өткеруге денсаулықты сақтау, нығайтуды қамтамасыз ететін студенттердің әлеуметтік-жеке тұлғалық құзыреттіліктерін және дене шынықтырудың құралдары мен әдістерін мақсатты түрде пайдалану қабілеттерін қалыптастыру болып табылады. Пәнді игеру нәтижесінде білім алушы салауатты өмір салтын, белсенді демалыс пен бос уақытты ұйымдастыру үшін дене шынықтыру қызметінің әртүрлі формалары мен түрлерін қолданады.	8	+												
4.	Әлеуметтік-саяси білім модулі (әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, психология)	Пәннің мақсаты - қоғамдық сананы жаңғырту міндеттерін шешу контекстінде білім алушылардың әлеуметтік-гуманитарлық дүниетанымын қалыптастыру. Пән мазмұны әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану және психология мәселелерін қамтиды, сонымен қатар заманауи қоғам дамуының іргелі негіздері ретінде инклюзия принциптері мен «Адал азамат» құндылықты бағдарларын біріктіреді. Пәнді игеру нәтижесінде білім алушы әлеуметтік-гуманитарлық білім мен этикалық	8		+										

		құндылықтарды түсіндіреді, қоғамды талдаудың ғылыми әдістерін қолданып, қақтығыстарды шеше отырып, Қазақстанды жаңғырту мәселелері бойынша өз ұстанымын дәлелді түрде қорғайды.														
5.	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	Бағдарламаның мақсаты ақпараттық технологиялар арқылы ақпараттарды жіберу және жинау тәсілдерін, ақпараттарды өңдеу және сақтау, іздеу әдістері, процестерді талдау және сыни бағалау мүмкіндіктерін қалыптастыру. Пән ақпаратпен жұмыс істеу негіздерін, цифрлық технологиялар мен компьютерлік жүйелерді; бағдарламалық қамтамасыз етуді, интернет-сервистерді, АКТ-ны кәсіби және зерттеу қызметінде қолдануды; ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді және жасанды интеллект технологияларын зерттейді. Пәнді игеру нәтижесінде білім алушы сандық технология көмегімен әртүрлі қызметтік саласына арналған деректерді басқару және талдау құрылғыларын жасайды.	5			+										
6.	Шет тілі	Пәннің негізгі мақсаты шеттілдік білім беру үдерісінде студенттердің мәдениетаралық-коммуникативтік құзіреттерін жеткілікті (А2, жалпыеуропалық құзыреттер) және базалықжеткілікті (В1, жалпыеруопалық құзыреттер) деңгейлерінде қалыптастыру болып табылады. Пәннің мазмұны әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени және оқу-кәсіби қарым-қатынас орталарын	10			+										

		интеграциялау арқылы тілді меңгеру деңгейлерін сатылы түрде зерделеуді қамтиды. Пәнді игеру нәтижесінде білім алушы негізделген ақпаратты пайдалана отырып, қазіргі заманғы проблемалардың ықтимал шешімдерін шет тілінде айта алады.														
7.	Қазақ (Орыс) тілі	Пәннің мақсаты - қазақ (орыс) тілін оқытудың халықаралық стандартына сай білім беру, қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде және орыс тілін мәдениетаралық әрі кәсіби іс-қимыл тілі ретінде, маңыздылығы мен құндылығын арттыру, болашақ маман иесінің қазақ (орыс) тілін қоғамдық өмірдің ғылыми, әлеуметтік-мәдени, саяси салаларында қарым-қатынас құралы ретінде қолдану құзіреттілігін қалыптастыру. Пәнді игеру нәтижесінде білім алушы тілдің, мәдениеттің, қарым-қатынас саласы ерекшеліктеріне сәйкес жеке тұлғалық, әлеуметтік және кәсіби қарым-қатынас жағдайларында құзыреттілік танытады.	10			+									
Жалпы білім беретін пәндер циклі Жоғары оқу орны компоненті / Таңдау компоненті																
8.	Экономика, кәсіпкерлік, құқық және қаржылық сауаттылық модулі (Экономика және кәсіпкерліктің негіздері, құқық негіздері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы	Пән нарықтық экономика жағдайында кәсіпкерлік ойлауды, қаржылық жауапкершілікті, құқықтық сауаттылықты дамытуға, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті және заң мен тәртіп қағидаттарына адалдықты тәрбиелеуге бағытталған. Пәннің мазмұны экономика негіздерін, кәсіпкерлікті, қаржылық сауаттылықты, құқықты, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қамтиды. Пәнді игеру	5				+								

		құқықтық қорғау, қаржылық сауаттылық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлықты сақтау дағдыларын меңгереді.															
Базалық пәндер циклі Жоғары оқу орны компоненті / Таңдау компоненті																	
9.	Теориялық және қолданбалы механика	Пән материалдық денелер мен механикалық жүйелердің тепе-теңдігі мен қозғалысын талдау құзыреттерін қалыптастыруға бағытталған. Мазмұны статика заңдарын, нүктенің және қатты дененің кинематикасын, динамиканың жалпы теоремаларын, сондай-ақ механизмдердегі тербеліс процестерін зерттеу әдістерін қамтиды. Пәнді игеру нәтижесінде білім алушы техникалық құрылғыларды кейіннен жобалау үшін олардың динамикалық сипаттамаларын және тепе-теңдік шарттарын талдайды.	5						+							
10.	Материалдар кедергісі	Пән конструкциялар элементтерінің беріктігі мен қаттылығын қамтамасыз ету бойынша құзыреттерді қалыптастырады. Мазмұны кернеулерді, деформацияларды талдауды, жүктеудің әртүрлі түрлері кезінде өзектердің майысуына, ширатылуына және орнықтылығына есептеулерді қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы	5						+							

		бөлшектердің беріктік параметрлерін есептейді және техникалық жүйелердің сенімділігін негіздеу және пайдаланудың нақты жағдайларында олардың бұзылуын болдырмау үшін талдамалық әдістерді пайдалана отырып, тораптардың қаттылығын тексеруді орындайды.														
11.	Инженерлік және компьютерлік графика	Пән инженерлік және техникалық салаларда қолданылатын графикалық кескіндерді жасауға және өңдеуге қатысты негізгі тақырыптарды зерттеуге бағытталған. Графикалық жүйелердің негізгі компоненттері, графикалық аппараттық және бағдарламалық жасақтама. Білім алушылар инженерлік есептерді шешу режимінде графикалық жүйелермен жұмыс істеу үшін қажетті теориялық білім мен практикалық дағдыларды меңгереді.	5						+							
12.	Тұрақты даму, экология және тіршілік қауіпсіздігі	Пән экономикалық даму, қоғамның әлеуметтік әл-ауқаты, қоршаған ортаны сақтау және адамның өмірі мен денсаулығын қорғау арасындағы тепе-тендікті қамтамасыз ету принциптері туралы жүйелі түсінікті қалыптастыруға бағытталған. Ол экология, қоршаған ортаны қорғау, тіршілік әрекетінің қауіпсіздігі және тұрақты даму мәселелерін қамтиды.	5				+									

		Пәнді игеру нәтижесінде білім алушы циркулярлы экономика жағдайында энергияны және қалдықтарды басқару міндеттерін шешу кезінде тұрақты даму, экологиялық қауіпсіздік және тіршілік әрекетінің қауіпсіздігі принциптерін қолданады.														
13.	Жоғары математика	Пән жоғары математика негіздерін қалыптастыру, типтік есептерді шешудің математикалық әдістерімен таныстыру және оларды іс жүзінде қолдану мақсатында оқытылады. Пәннің мазмұны сызықтық және векторлық алгебра элементтері, математикалық талдау, ықтималдықтар теориясы бойынша теориялық және практикалық тапсырмаларды қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы қолданбалы есептерді математикалық модельдерді құру арқылы шешеді.	5					+								
14.	Физика	Пән физикалық заңдар туралы іргелі білімді және оларды технологияларда қолдану дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Пәннің мазмұны механиканы, молекулалық физиканы, термодинамиканы, электромагнетизмді, оптиканы, атомдық және кванттық физика негіздерін, сондай-ақ эксперименттік	4					+								

		өлшеу әдістерін қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы процестерді есептік талдау, эксперименттік деректерді өңдеу, жабдық параметрлерін анықтау және кәсіби шешімдерді негіздеу үшін физика заңдарын қолданады.															
15.	Инженерлік қызметке кіріспе	Пән заманауи машина тану саласындағы базалық білімді және инженерлік қызмет негіздерін қалыптастыру мақсатында оқытылады. Мазмұны машиналардың классификациясын, механизмдер теориясын, сондай-ақ детальдарды дайындау және құрастыру технологиясының негіздерін қамтиды. Пәнді игеру нәтижесінде білім алушы жабдықтарды жобалау, тиімді пайдалану және жаңғырту үшін техникалық жүйелердің жұмыс принциптерін талдайды.	3						+								
16.	Органикалық және бейорганикалық химия	Пән органикалық және бейорганикалық заттардың қасиеттері мен реакцияларын түсіну бойынша құзыреттерді қалыптастыруға бағытталған. Құрамы қосылыстардың жіктелуін, реакциялардың түрлерін және құрамның қасиеттермен өзара байланысын қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде оқушы реагенттерді іріктеу және өндірістік процестердегі	4					+									

		химиялық өзгерістерді оңтайландыру үшін олардың құрылымы негізінде заттардың реакциялық қабілеті мен физикалық-химиялық қасиеттерін анықтайды.														
17.	Жалпы химия	Пән практикалық есептерді шешуге қажетті химияның негізгі заңдарын зерттеуге бағытталған. Пәннің мазмұны атом құрылысын, периодтық заңды, химиялық байланыс пен молекулалардың құрылысын, бейорганикалық заттардың жіктелуі мен қасиеттерін, химиялық реакцияларды құру мен теңестіруді, химиялық формулалар мен теңдеулер бойынша есептеулерді, ерітінділерді, концентрацияларды, химиялық кинетика мен термохимия негіздерін қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы химиялық формулалар мен теңдеулер бойынша есептеулер жүргізе отырып, химиялық процестердің заңдылықтарын қабылдай алады.	4					+								
18.	Материалтану	Пән инженерлік жобалау үшін металдардың микроструктурасы мен қасиеттерінің байланысын зерделеуге бағытталған. Мазмұны таңбалау жүйелерін, қорытпалардың сипаттамаларын және коррозиялық	5					+								

		төзімділікті бағалау әдістерін талдауды қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы техникалық жүйелердің беріктігін және машина бөлшектерін дайындау кезінде құны мен сенімділігінің оңтайлы үйлесімділігін қамтамасыз ету үшін физикалық-механикалық сипаттамалар мен пайдалану шарттарын талдау негізінде конструкциялық материалдарды таңдайды.														
19.	Құрылымдық материалдар мен термоөңдеу	Пән термиялық әсер ету кезінде қорытпалардағы өзгерістерді және нығайту әдістерін зерделеуге бағытталған. Күйдіру, шыңдау, босату және химиялық-термиялық өңдеу технологиялары қарастырылады. Салқындату режимдерінің құрылымға және пайдалану сипаттамаларына әсері сипатталады. Тозуға және коррозияға төзімділікті арттыру тәсілдері зерделенеді. Пәнді меңгеру нәтижесінде оқушы балқымалардың берілген физикалық-механикалық сипаттамаларына қол жеткізу үшін термоөңдеу режимдерін және материалдарды нығайту әдістерін таңдайды.	5					+								
20.	Машиналар мен механизмдер теориясы	Пән тетіктердің құрылымы мен қозғалысын зерттеу бойынша құзыреттерді қалыптастыруға	5					+									

		бағытталған. Мазмұны рычагты, жұдырықшалы және тісті жүйелердің құрылымдық, кинематикалық және динамикалық талдауларын қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде оқушы өндірістегі технологиялық жабдық жұмысының жоғары дәлдігі мен сенімділігін қамтамасыз ету үшін берілген критерийлер бойынша механизмдердің синтезін орындай отырып, машина буындарының кинематикалық схемалары мен динамикалық параметрлерін талдайды.														
21.	Робототехникалық жүйелер механикасы	Пән роботтардың атқарушы тетіктерін есептеу және жобалау бойынша құзыреттерді қалыптастыруға бағытталған. Мазмұны манипуляторлардың кинематикасын, көп буынды жүйелерді динамикалық модельдеуді және жүктемелерді есептеуді қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде оқушы технологиялық операцияларды тиімді орындауды қамтамасыз ететін дәлдігі жоғары автоматтандырылған өндірістік кешендерді құру үшін жұмыс аймақтары мен қозғалыс траекторияларын есептей отырып, манипуляторлардың кинематикалық схемалары мен динамикалық	5					+								

		сипаттамаларын модельдейді.														
22.	Электротехника	Пән автоматтандыру жүйелерінің электр техникалық құрылғыларын талдау бойынша құзыреттерді қалыптастыруға бағытталған. Электр тізбектерінің, тұрақты және ауыспалы ток машиналарының, өлшеу аспаптарының заңдары зерделенеді. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы қазіргі заманғы өнеркәсіптік кәсіпорындарда автоматтандырылған кешендер мен басқару жүйелерінің жұмыс қабілеттілігін және сенімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін жабдықтың қуатын таңдауды негіздей отырып, электр жетектері мен қоректендіру тізбектерінің параметрлерін есептейді.	5					+							
23.	Автоматика	Пән техникалық жүйелерде автоматтандыру құралдарын қолдану бойынша құзыреттерді қалыптастыруға бағытталған. Датчиктердің, атқарушы тетіктердің және басқарудың логикалық схемаларының жұмыс істеу қағидаттары қарастырылады. Реттегіштерді теңшеу әдістері зерттеледі. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы технологиялық жабдықтың тұрақты жұмысы үшін өндірістік циклдарда температураның, қысымның немесе шығынның берілген көрсеткіштерін	5					+			+				

		ұстап тұруды қамтамасыз ете отырып, автоматты жүйелер мен басқару алгоритмдерінің параметрлерін теңшейді.														
24.	Машина жасаудағы стандарттау және сертификаттау	Пән машина жасауда стандарттарды және сертификаттау рәсімдерін қолдану бойынша құзыреттерді қалыптастырады. Мазмұны нормативтік құжаттарды, сапа стандарттарын, техникалық регламенттерді және сертификаттау қағидаларын қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы техникалық құрылғылардың қазіргі заманғы нарығында өнімнің бәсекеге қабілеттілігі мен қауіпсіздігін арттыру үшін қолданыстағы нормативтердің талаптарына қатаң сәйкестігін қамтамасыз ете отырып, техникалық құжаттаманы және сапаны растау схемасын әзірлейді.	5											+		
25.	Өзара алмастыру, стандарттау және техникалық өлшемдер	Пән бөлшектердің өзара алмасуын қамтамасыз ету және техникалық өлшемдерді орындау бойынша құзыреттерді қалыптастыруға бағытталған. Пәннің мазмұны шектеулер мен отырғызуларды, өлшем жүйелерін, беттің кедір-бұдырлығын, өлшеу әдістерін, бақылау құралдарын қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде оқушы бөлшектерді дайындау дәлдігін белгіленген стандарттарға	5											+		

		сәйкестігін бақылайды.													
26.	Жылу техникасы	Пән жылу құбылыстарын талдау бойынша базалық инженерлік құзыреттерді қалыптастыруға бағытталған. Мазмұны термодинамиканың іргелі заңдарын, жылу өткізгіштік, конвекция және техникалық жүйелердегі сәулелену принциптерін қамтиды. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы технологиялық жабдық жұмысының тиімділігін негіздеу және арнайы инженерлік пәндерді оқуға дайындық үшін физикалық заңдарды пайдалана отырып, жылу теңгерімдерінің параметрлері мен жылу алмасу көрсеткіштерін есептейді.	5					+							
